

жылдық жұмысында көрсетті. Онымен бірге еңбек еткен көптеген қарағандылықтар, оның іскерлік және саяси ұстанымы арқылы ең жоғары лауазымға лайық екеніне сенімді болды», - деп тебірене толғанады.

Ал, академик Ә.С.Сағынов: «Аса құрметті Сұлтан Қапарұлы! Сіз Қарағанды облысының экономикасын, мәдениетін, денсаулық сақтау мен білім беру саласын дамытуда және көтеруде үлкен үлес қостыңыз. Маған сізбен бірге Қарағанды политехникалық институтында, әсіресе оның құрылған кезінде бірлесе жемісті еңбек еткенімді есіме алудың өзі ғанибет» десе, Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев: «Құрметті Сұлтан Қапарұлы! Сіз бедел мен абыройға бөлене отырып, Қарағанды аймағының әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін қыруар іс тындырып, мемлекеттік басқару органдарына көптеген жылдар еңбек етіп, үлкен өмірлік жол жүріп өттіңіз», - деп жоғары баға берген.

Сұлтан ағаның Қарағанды қаласы мен облысына сіңірген еңбегі жайлы әлде талай-талай кітаптар жазылар. Бүгінгі және келер ұрпақ үшін ол кісінің маңдай тері мен еселі еңбегі ұшаң теңіз.

«Бір өзі-бір әлем» демекші, Сұлтекеңнің сексеннің асуындағы ғажап ғұмыры, ізгілік іздері өмір өткелдері бүгінде аңызға айналып отыр.

Бүгінде Қарағанды қаласы қарыштап дамып, өркендеп өсіп келеді. Келешекте «мегаполис» дейтін замануи атқа да ие болары сөзсіз. Арқадағы алып қаланың алғашқы қызықтарын қағып, оның ыстық-суығын бастан кешкен, адал еңбектерімен қызмет жасаған осынау текті тұлғалармен, ақыл- парасаты мол абыз ағалармен жақсы араласып, сый-құрметіміз жарасып, талай қызметтес болғаныма қуанамын, мақтаныш тұтамын.

Р.Т. Бодеева, А.Ж. Темиржанова, Н. Есен

КӨПТІЛДІК ТОПТАРДА ОҚИТЫН СТУДЕНТТЕРДІҢ ОҚУ ҮРДІСІНЕ БЕЙІМДЕЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

Қазақстанның әлемдік қоғамдастыққа қарқынды енуі - инновациялық-индустриалдық экономика, қоғамның ақпараттануы, білім кеңістігінің сәйкестілігі және халықаралық стандарттың енгізілуі адамның санасын және мінез-құлқын түбірінен өзгертеді, адам баласы осылардың көмегі арқылы өзін қоршаған ортаны өзгертеді және өзі де өзгереді.

Қоғам мен сананың қоғамдық қалпының әлеуметтік және тарихи қайта құрылуы және жалпы адамзаттық мәдени құндылықтарға бағыты, әлеуметтік-тарихи қажеттілік, ұлттың бәсекелестікке қабілеттілігі, мәдени уақыт талабы ретінде Президенттің «Үш тұғырлы тіл» туралы мәдени жобасының өзектілігін көрсетті және Қазақстан Республикасында қазақ - орыс - ағылшын: мемлекеттік тіл - ресми - әлемдік стратегиялық мақсаттылық болып табылады, үш тілдің артықшылығын бекітті [1].

Қазақстан Республикасында 2017 жылға дейінгі білім беруді дамытудың тұжырымдамасы әлемдік стандарт талабына сай білікті кәсіби мамандарды дайындаудың формасы мен әдістерін сапалы жаңартуға бағытталған. Бұл жерде осыған орай рөлі өсіп отырған, және жас ұрпақты өзара байланысты және өзара бағынышты әлемде өмір сүру жағдайына дайындаудың тиімді құралы ретінде қарастырылатын, көптілдік білім беруге басты назар аударылады [2].

Ағылшын тілі халықаралық қарым-қатынас жасау тілі ретінде республикалық мәндегі пәндер дәрежесіне көшірілді және жалпы пәндер қатарында мемлекеттік тіл (қазақ тілі), орыс тілі - ұлттар арасындығы қарым-қатынас тілі қатар тұрады. Осыған орай тілді меңгеру ғана емес, оны шынайы қарым-қатынас жасауда қолдана білу, яғни тілді практикалық тұрғыдан меңгеру, демек, «мәдениаралық біліктілік» туралы сөз болып отыр.

Стратегиялық міндеттердің бірі ретінде мемлекеттік тілді оқыту, халықаралық қарым-қатынас ретінде орыс тілін, сонымен қатар шет тілдердің біреуін (ағылшын тілді) оқыту басқа мәдениетке, тарихқа, әдебиетке, өнерге, ғылымға бейімдеу арқылы білімдік мақсаттардың жетістігіне кепілдеме береді. Сонымен бірыңғай дүниежүзілік мәдениетке кіретін өз елінің мәдениеті туралы білімдерін тереңдету және туған тілін саналы және терең білу жүзеге асады

Ғылыми зерттеулер және туған тіл мен шет тілді өзара байланыс арқылы оқыту практикасы тұлғаның жан-жақты дамуына тілдердің жақсы әсер ететінін және өзара байытатынын дәлелдейді.

«Пәндік білімді шет тілінде оқыту» түсінігі тілдерді шет тілі арқылы қандай да бір пән бойынша нақты білімді меңгеру құралы ретінде қолдануды ұсынады.

Қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдай қазақ, орыс, және шетел тілдерін меңгерген мамандарды дайындауға байланысты әлеуметтік тапсырысты қалыптастырғаны белгілі. Осындай мамандарға деген қоғамдық сұраныс көптілдік білім берудің рөлін арттыруда. Қоғамда ғылымдағы, техникадағы, әр түрлі елдердің мәдениетімен танысудағы жетістікке байланысты, шетелдіктермен жаңа кәсіби, жеке, мәдени, ғылыми қарым-қатынас жасауға қызығушылық неғұрлым үлкен болса, кәсіби тиімді тәжірибе алмасу үшін, кәсіби қарым-қатынас жасауды реттеу құралы ретінде және осыған байланысты маманның жеке кәсіби тұрғыдан қалыптасуында көптілдіктің дәрежесі соғұрлым жоғары болады.

Осы кезеңдегі жоғары оқу орындарының міндеті болашақ мамандарды көптілдік және көпмәдениеттік әлеммен өзара әрекет жасауға дайындау болып табылады.

Студенттердің алдында шетел тілдерін (негізінде екі-үш тілді) меңгеру міндеті тұр, себебі жас маманның жеке тұлға ретінде және кәсіби өсуі көбінесе осыған байланысты болады. Жаңа міндеттердің қойылуы оқытушыдан шетел тілінде қарым-қатынас жасауға дәстүрлі оқыту түрінен еуропалық білім беру мен әлеуметтік мәдениет негізінде жүзеге асырылатын, мәдениаралық дидактика бойынша оқытуға көшуді талап етеді [3].

Жоғары оқу орындарында жалпыеуропалық стандартқа және білім беру тұжырымдамасы мен тәрбие беруге көшу оқытудың кредиттік технологиясын, шетел тілдерін оқытудың деңгейлік үлгісін енгізумен, көптілдік білім беруді енгізуде жүргізілген тәжірибелерден басталды. Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ-де жүргізілген тәжірибенің мақсаты көптілдік білім берудің үлгісін құруды қамтамасыз ететін және осы тәжірибені бақылайтын, педагогикалық құралдарды жетілдіру болып табылады. Үш тілді жетік меңгеру жеке тұлғаның көптілді меңгерудегі дамуына жетекшілік етеді, бұны біз адамның өзара әрекет жасауы үшін тілдік механизмдерді қайта құру процесі деп түсінеміз, ал кейінірек сонымен бірге үш немесе бірнеше тілдік жүйені қатарынан қолдану, алғашқы кезеңде тілді меңгеру бір тілден екінші тілге көшу дағдысын қалыптастыруды, ал кейіннен басқа жүйенің қызметіне анағұрлым жақсы жағдай туғызу үшін бір жүйені бейтараптандыруды талап етеді.

Студенттердің әлеуметтік-мәдени көптілдік дамуы оқу-тәрбие процесіне, барлық оқу пәндеріне тікелей қатысты және олардың дүниетанымын дамытуға, коммуникативтік мәдениеті мен рухани тілегін жетілдіруге, өздігімен білім алу және өздігімен даму қажеттігін дамытуға бағытталған. Көптілдік оқыту үлгісі қазақ, орыс және шетел тілдерін, интеграцияға орайлы мүмкіндік беретін оқыту тілдері ретінде қарастырады. Шетел тілі оқыту объектісі емес, білім алу, танып-білу құралы болып табылады. Үш жақты тиімділікке қол жеткізіледі: бір мезгілде жаңа білім игеріледі, дағдылар жетілдіріледі және шетел тілін меңгеру іскерлігі дамиды. Осы процесс кезінде барлық құралдар арқылы субординативтік типтегі тұлғаны көптілдік дамытуға қол жеткізіледі [4, 5].

Қазіргі таңда студенттердің дамуының және денсаулығының ауытқушылық себептері ретінде әлеуметтік-экономикалық тұрақсыздық және экологиялық жағдайдың бұзылуы сонымен қоса бір қатар авторлар оқытудың инновациялық жүйесін де бір себеп ретінде қарастырады.

Инновациялық оқыту мекемелерінде (университет, колледж) білім алу күндізгі оқу жүктемесінің екі есе артып, жиілігі көбеюмен сипатталады [6].

Қазіргі кезеңде студенттердің ой еңбегіне бейімделу ерекшеліктерін зерттеу өзекті мәселе болып табылады. Кез келген мемлекеттік стратегиялық мәселелердің бірі – студенттердің алдындағы міндеттерді өз бетінше шеше білуге қабілетті етіп тәрбиелеу. Соңғы он жылда мемлекетімізде әр түрлі саяси, экономикалық және әлеуметтік өзгерістер байқалып, мемлекетіміздің әр тұрғынының денсаулығына әсер етті. Сонымен қоса мемлекеттің еңбек көзі, саяси, экономикалық тұрақтылығы және мемлекет халқының адамгершілік деңгейі өсіп келе жатқан жастардың денсаулығымен тығыз байланысты. Сонымен қоса оқу бағдарламасы біршама өзгерді. Олардың көпшілігі гигиеналық бағалаудан (авторлық бағдарлама) өтпейді, студенттің апталық оқу жүктемесі артып, оқыту процесінде кеңінен жаңа инновациялық технологиялармен оқыту әдістемелері байқалады [7].

Жоғары оқу орындарында физиологиялық мониторинг жүргізілмей және студенттердің функционалдық, сонымен қоса бейімделу қабілеттері ескерілмей білім беру стратегияларымен технологияларының өзгертулері енгізілуде.

Сондықтан, оқыту барысының тиімділігін арттыру және студенттің тез шаршауының алдын алу үшін, білім беру бағдарламасының мазмұны мен әдістері студент ағзасының морфофункционалдық ерекшеліктеріне сәйкес құрылу қажет.

Жаңа инновациялық технологиялармен оқитын студенттердің ақыл-ой және физикалық жүктеменің зерттеу жұмыстары физиология ғылымындағы өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Әр түрлі формада білім алатын студенттердің қимыл қозғалысын оптимизациялау мәселесі зерттеушілердің қызығушылығын тудыруда.

Ой жүктеменің артуы күшті стрестік фактор болып табылады, яғни студенттер ағзасының гемодинамикасының, қан айналым жүйесінің функционалдық қорының, бейімделу қабілеттерінің төмендеуіне және вегетативтік дисфункциясына әкеліп соғады [3].

Жалпы білім беру бағдарламасына еніп жатқан жаңа инновациялық оқыту технологиялардың студенттер денсаулығына әсері жайлы көптеген сұраныстар туындайды. Оқытудың тәжірибелік түрлері студент ағзасына, денсаулығына әсері жайлы көптеген жұмыстар жүргізілген. Бірақ студенттердің бейімделу қабілеттеріне әр түрлі білім беру технологияларының әсері жайлы жан-жақты зерттеу жұмыстары әлі де болса қарастырылмаған. Сондықтан қоғамның қазіргі даму кезеңінде жаңа оқыту технологияларын қолдануда студенттер денсаулығына әкелетін кері әсерлерді алдын алу мәселесі өзекті болып табылады.

Жоғары оқу орындарындағы оқытудың күйі, ойдың, эмоциялық және физикалық жүктеменің қосындысы, сондықтан студент денсаулығының жағдайына жаңа, күрделенген талаптар қойылады. Сол кезде тәжірибелік оқыту формалары тек интеллектуалды дамуына әсер етіп ғана қоймай студенттердің бейімделушілігімен денсаулық қорының артуына жағдай жасайды [8].

Инновациялық бағдарламалар сонымен қоса Л.В. Занков концепциясы студенттерде эмпирикалық білім алу әдісінің дамуына баса назар аударады, яғни ақпаратты өздігінен ізденіп меңгеру. Дәстүрлі емес оқыту формаларының нәтижелігіне қарамастан, студенттерді оқыту барысында бейімделу «бағасы» және себебі ретінде студенттің жалпы дамуы қызықтырады. Осы себепті жоғарыда айтылғандардың барлығы жұмыстың, яғни онда қозғалатын теориялық, тәжірибелік мәселелердің өзектілігі жайлы айтылады [9].

Студенттер денсаулығына оқыту барысының кері әсерлері жайлы педагогтар мен ғалымдар XX ғасыр ортасында айтып өтті. Оқыту процесінде студенттердің денсаулығына кері әсер ететін факторлары ретінде кейбір аймақтардағы санэпидемиялық қолайсыз жағдайларын, жоғары оқу орындарының шамадан тыс тығыз жұмыс істеуі, білім беру мекемелердегі ауыз су сапасының төмендігі, студенттердің дұрыс тамақтанбауын айтып өткен жөн. Осылардың барлығы денсаулық жағдайының нашарлауына әкеп соғады [10].

Студенттер денсаулығының нашар болуының басты факторы ретінде оқытудың қарқындылығын айту қажет. Қазіргі таңда оқыту барысына компьютерлік технологиялар (интерактивті тақта), студенттің психикасына,

көздің көруіне кері әсер етеді. Видеомонитормен жұмыс жасаған кезде студенттердің шаршауы тез болады және денсаулық жағдайының нашарлауы анық байқалады (көздің алыстан көрмеуі, жүйке жүйесінің аурулары және т.б.).

Көбінесе оқыту бағдарламаларының және берілетін ақпарат мөлшерінің көлемі гигиеналық талаптарға сай келмейді.

Көптеген ғалымдардың зерттеулері бойынша жаңа инновациялық технологиялармен оқитын студенттердің денсаулығына ешқандай із қалдырмай өтеді деп айта алмаймыз. Оқу жылы аяқталған соң жоғары оқу орындарында оқитын 50 % студенттер анық байқалатын шаршау белгілерімен аяқтайды. Әр түрлі қайнар көздеріне сүйенсек, оқу жылы аяқталған кезде студенттерде 2 есе гипертониялық реакциялар жиілігі өседі, ал жалпы артериалды қысымның кері өзгерулері 90 % жетеді. Жоғары оқу орындарында оқитын студенттерде жүйке жүйесінің жұқаруы (50%) кездеседі, 20% төменгі курста оқитын студенттерде апта соңында функционалдық ағза қоры төмендейді.

Инновациялық оқыту орындарында білім алатын студенттер арасында патологиялық ауытқулар көрсеткіші өте жоғары болып табылады. Жаңа инновациялық оқыту технологиялардың студент ағзасына физиологиялық жағдайына әсерін зерттеу өте маңызды екендігі жайлы жоғарыда айтылды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 15 қаңтардағы «Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауы. <http://akorda.kz>.

2. Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан: елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауын жария ету кезінде сөйлеген сөзі // Ана тілі. - 2016. - 14 наурыз (№10).

3. Жетписбаева Б.А., Аязбаева С.С. Лингводидактический аспект учебно-методических комплексов в полиязычном образовании // Вестн. Караганд. ун-та. Сер. Педагогика. - 2017. - № 2. - С. 4–8.

4. Ломакина И.С. Изучение иностранных языков в ЕС в контексте политики мультилингвизма // Иностранные языки в школе. - 2015. - № 3. - С. 101–108.

5. Новоселова Е.И. Оценка адаптационных возможностей студентов к учебным нагрузкам по психофизиологическим показателям / Е.И. Новоселова, Г.Г. Субхангулова // Вестник Башкирского государственного университета. 2000.

6. Жетписбаева Б.А. О проекте Концепции развития полиязычного образования в Республике Казахстан: Материалы междунар. конф. «Полиязычное образование в системе высшей школы: проблемы и перспективы: Материалы междунар. конф. - Астана-Караганда: Изд-во КарГУ, 2017. - С. 19–23.

7. Брехман И.И. Валеология - наука о здоровье.- М., 2000.

8. Инновационные процессы по охране здоровья в образовательных учреждениях области.- Ярославль, 1998.

9. Құдайбергенова К.С. Инновациялық тәжірибе орталығы-педагогикалық технология көзі. – Алматы, 2017. – 75 б.

10. www.vestnik-kafu.info

Р.Т.Бодеева, Н. Есен, А.Ж. Темиржанова

ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ АҒЗАСЫНДА ЭМОЦИОНАЛДЫҚ ЖҮКТЕМЕ ӘСЕРІНЕН БАЙҚАЛАТЫН ФИЗИОЛОГИЯЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

Қазіргі таңда жасөспірімдердің дамуының және денсаулығының ауытқушылық себептері ретінде әлеуметтік-экономикалық тұрақсыздық және экологиялық жағдайдың бұзылуы сонымен қоса бір қатар авторлар оқытудың инновациялық жүйесін де бір себеп ретінде қарастырады.

Инновациялық оқыту мекемелерінде білім алу күндізгі оқу жүктемесінің екі есе артып, жиілігі көбеюмен сипатталады.

Қазіргі кезеңде жасөспірімдердің әртүрлі эмоционалдық ерекшеліктерін зерттеу өзекті мәселе болып табылады. Кез келген мемлекеттік стратегиялық мәселелердің бірі – жасөспірімдердің алдындағы міндеттерді өз бетінше шеше білуге қабілетті етіп тәрбиелеу. Соңғы он жылда мемлекетімізде әр түрлі саяси, экономикалық және әлеуметтік өзгерістер байқалып, мемлекетіміздің әр тұрғынының денсаулығына әсер етті. Сонымен қоса мемлекеттің еңбек көзі, саяси, экономикалық тұрақтылығы және мемлекет халқының адамгершілік деңгейі өсіп келе жатқан жасөспірімдердің, жастардың денсаулығымен тығыз байланысты. Сонымен қоса оқу бағдарламасы біршама өзгерді. Олардың көпшілігі гигиеналық бағалаудан (авторлық бағдарлама) өтпейді, жасөспірімдердің апталық оқу жүктемесі артып, оқыту процесінде кеңінен компьютерді қолдану байқалады.

Заманауи білім беретін мекемелерде физиологиялық мониторинг жүргізілмей және функционалдық, сонымен қоса бейімделу қабілеттері ескерілмей білім беру стратегияларымен технологияларының өзгертулері енгізілуде. Сондықтан, оқыту барысының тиімділігін арттыру және жасөспірімдердің тез шаршауының алдын алу үшін, білім беру бағдарламасының мазмұны мен әдістері оқушы ағзасының морфофункционалдық жас ерекшеліктеріне сәйкес құрылу қажет.

Жаңа иновациялық технологиялармен оқитын жасөспірімдердің ақыл-ой және физикалық жүктеменің зерттеу жұмыстары жас ерекшелік физиология ғылымындағы өзекті мәселелердің бірі болып табылады [1].

Әр түрлі формада білім алатын жасөспірімдер қимыл қозғалысын оптимизациялау мәселесі зерттеушілердің қызығушылығын тудыруда.